



• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

30 қыркүйек
сейсенбі

2025 жыл

апталығы

**30 ҚЫРКҮЙЕК – ӘДІЛЕТ
ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ**

Бүгін – әділет органдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесі. Бұл күн – заң үстемдігі мен ел бірлігін сақтауда аянбай еңбек етіп жүрген сала мамандарының еңбегін дәріптейтін айтулы мереке. Әділет – мемлекеттің тұтастығы мен қоғам тыныштығының кепілі. Бұл жай ғана дата емес, халықтың құқықтық мәдениетін қалыптастыру жолындағы қажырлы еңбектің символы.

Қоғамдағы әрбір азаматтың құқығы қорғалмай, мемлекеттің дамуы да баянды болмайтыны анық. Осы орайда бізге әділет саласында еңбек етіп жүрген заңгер Еркін Қапаевпен сұхбаттасудың сәті түсті.



Еркін ҚАПАЕВ:

**ЗАҢҒЕР — АР-НАМЫСТЫҢ,
ӘДІЛДІКТІҢ
АДАМЫ БОЛУЫ КЕРЕК**

– Еркін мырза, ең алдымен кәсіби мерекенізбен құттықтаймыз. Осы орайда әділет органындағы жұмыстың қоғам үшін маңызына тоқталсаңыз...

—Рахмет! Шын мәнінде, әділет саласы—ел дамуының тірегі. Баяуыржан Момышұлы: «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды» деген. Яғни тәртіп бар жерде әділдік, әділдік бар жерде қоғамның тұрақтылығы сақталады. Әділет органдарының басты мақсаты — халықтың құқықтық көмекке деген қажеттігін қамтамасыз ету, әділеттілікті орнату. Азаматтардың құқығы мен мемлекеттің мүддесін қорғау. Бір сөзбен айтқанда, халықтың бейбіт өмірін қамтамасыз ету. Біз келе жатқан қарамай, күн-түн демей жұмыс істейміз. Бұл қызметтің қиындығын екінші бірі біле бермейді, бірақ бәз үшін ең үлкен марапат — әділ шешімнің табылуы мен азаматтардың ризашылығы, уайымсыз ұйқысы.

– Қазіргі қоғамда азаматтардың құқықтық сауаттылығы қай деңгейде? Өз құқығын қорғай ала ма?

— Иә, соңғы жылдары халықтың құқықтық сауаттылығы өдәуір артты. Бұрын адамдар құжатқа, келісімге салғырты қараса, қазір әрбір азамат өз мүддесін қорғауды үйреніп келеді. Әсіресе жастар талап қоя біледі, заңға жүгінеді. Бұл — азаматтық қоғамның дамып келе жатқанының айғағы. Әркім өзінің шекарасын сақтай отырып, өзіннің құқығын да құрметтеуді үйренуде. Бұл көріністер біз жаңа деген құрметті қор амысы.

3-BETTE

ЖИ:
ӨНІМДІЛІК пен
қауіпсіздік
арасындағы
тепе-теңдік


Бұл 2023 жылмен салыстырғанда шамамен екі есе көп деген сөз. Үшінді асım қоғамд ЖИ-ға деген қызығушылықтың кеңеюін жән әдеттеріміздің өзгергенін көрсетеді. Зерттеуле көрсеткендей, әлемдегі әрбір оныншы адам құ сайын ЖИ көмегіне жүгінеді екен. Неге бұл ЖИ ды жиі қолданамыз деген сұраққа жауап іздесең ақ алдымен тиімділік туралы айтамыз. Ұйымда ЖИ-ді шығынды төмендету, өнімділікті арттыр және көрсетілетін қызметті жеделдету үшін енгізді. Адамдар ақпарат іздеу, мәтін жазу ме редакциялау, аударма, жеке оқу мен тұрмысты «қалай істеу керек» типіндегі тапсырмалар үшін пайдаланады. Көпшіліктің нақты не іздейтін туралы жаңа, тікелей дерек беретін ірі зерттеу: «OpenAI» мен академиялық серіктестер 202

жылы жариялады. 2024 жылдың мамыр айы мен 2025 жылдың маусым айы арасындағы тұтынушылық хабарламалар талдауына сүйенсек, ChatGPT-ге келетін хабарлардың 70 пайыздан астамы жұмысқа емес, тұрмыстық және жеке істерге қатысты екен көрсетті. «How People Use ChatGPT» зерттеуі сүйенсек, бүкіл колданушы шамамен 80% па-зы үш ірі санатқа жиналады – практика-нұсқаулық, ақпарат іздеу және жазу. Кол-тақырыбы жалпы ағынының 4,2 пайызы ғана. оқыту мен жеке көмек көрсету сипатынд-ы сураныстар барлық хабарламаның шамамен пайызына тең.

4-BETTE

Елімізде жыл сайын қыркүйек айының соңғы жексенбісінде Еңбек күні мерекеленеді. Жұмысшы мамандықтар жылы аясында елімізде еңбек адамының беделін көтеру, қосібі білгісі кадрларды дәрліктеу, нарыққа қажет мамандарды насихаттау бағытында біршама жұмыс атқарылуда. Қайнаған тіріліктің ортасында бек шешпей шаруаны еңсеретін азаматтар әрқашан да құрметке, марапатқа лайық. Ақ адал еңбегімен елдің өркендеуіне үлес қосып жүрген азаматтар бұл күні төрден көрінеді. Мерекеге орай Өнер орталығында «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында «Адал еңбек – адал азамат» атты шара өтті.

ЕҢБЕК АДАМДАРЫ ЕЛЕНГЕН КҮН



Бұл – экономикалық тұрақтылық пен әлеуметтік прогрестің басты факторы. Еңбектің жұмысшы кәсіптерінің ролінің күшейтудегі стратегиялық қадам. Ұлты, мыздың ұлы мұраты жолында, еңбекке, майланында ата-бабаларымыз төк тері. Олардың арасынан 1792 Социалистік Еңбек Ері шықса, 102-сі – Сыр өңірінің еңбеккерлері. Оқ мектебін құрып, шәкірт тәрбиелеген, Сыр күрішінің данқын аскастатқан дала академигі, екі мәртеме Социалистік Еңбек Ері атанған Ыбырайым

Жакаевтың, Сәлима Жұмабекованың орны ерекше. Осындай ұлы ұстаздың тәлімін алған, бала тәрбиелен, ұлтжандылықпен қызмет атқарған Шырынкүл Қазанбаева. Үйбала Алтайбаева бастаған Сырдың батыр аналарының қажырлы еңбегі ұрпақ жадында мәңгі сақталалы. Алдыңғы буының онегісі ізін жалпап, Тәуелсіз еліміздің тарихында «Қазақстанның Еңбек Ері» атанған Роза Бағланова, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Асқар Жұмділдаев, Юрий П. Абзал Ералыев, Имамзада Шағыртаев сынды жерлестерімізді әрдайым мұқатан етеміз. Егемен елімізді жарқын болашағы жолында Отанымызға адал еңбек ету, адал жолмен табыс табу, адал азамат болу – біздің кәсіптің міндетіміз! Баршаныңды мерекемен тағы да құттықтап, облысымыздың дамуына қосқан орасан зор үлестерің үшін Сыр жұртшылығының, Өзіңнің атымаңн шынайы алғысымды, зор ғишазлығымды білдіремін, – деді облыс әкімі.

Шарада әр номинация бойынша қаржылай сыйақы табысталды. Атап айтсақ,

«Үздік еңбек әулеті», «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері», «Өндірістің үздік жас маманы» номинациялары жеңімпаздарына 1-орынға 500 мың теңге, 2-орынға 300 мың теңге, 3-орынға 200 мың теңгеден берілді.

Сонымен қатар сала үздіктеріне, яғни коммунальдық және басқа да салаларда қызмет ететін 15 маманға облыс әкімінің Алғыс хаты және 500 мың теңгенің сертификатты табысталды. Одан бөлек өзбек саласының үздігі деп танылған 15 еңбегі мейталманына облыс әкімінің Алғыс хаты, Қызылорда облыстық кәсіподақтар орталығының шипажайға жолдамасы ұсынылды.

«Үлгілі елді мекен» облыстық конкурсы жеңімпаздарына 19 арнайы коммуналдық техника, тірек және серіктес елді мекендер санатына кірмейтін ауылдардың абаттандыру жобаларын қаржыландыруға 15 млн теңгенің сертификаттары берілді.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҚЫМБАТШЫЛЫҚҚА ҚАЛАЙ ТҰСАУ БОЛАМЫЗ?

Ет бағасы аспандай түр. Дүкен жағалаған жұрт осылай дабыл қағуда. Әсіресе, сиыр етінің бағасы күннен күнге қымбаттап барады. Өз еліміздігі өзінің бағасынан шектен тыс шарықтауына халықтың дүрлігіуі заңдылық. Қазақ халқының өмір салтын, тұрмысын, дәстүрін етсіз елестету мүмкін емес. Ғасырлар бойы мал шаруашылығын тірішілік көзіне айналдырған халық үшін ет – жай ғана тағам емес, береке мен бірліктің, белгісі. Соғым сойып, қысқа азық қамдау – қазақтың бұлжымас әдеті. Алайда соңғы жылдары еттің бағасы қаранайым халықтың қалтасына салмақ түсіре бастады.

Еттің қымбаттауына не себеп?

Соңғы уақытта Қазақстан нарығында ет бағасы бұрын соңды болмаған деңгейге көтерілді. Мұның артында бір ғана емес, бірнеше күрделі себеп бар. Биыл 5 тамызда өткен үкіметтегі баспасөз конференциясында сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев еліміздегі сиыр ет бағасының өсуі туралы толығырақ айтты. Министр ет өнімінің әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының ішіндегі ең күрделі өнімдердің бірі екенін атап өтті.

– Ет бағасының өсіп жатқанын шын мәнінде байқап отырмыз. Бұған екі себеп бар. Біріншісі, мен бұған дейін де айтқанымыз – бұл ірі жаһандық ойыншылар: Бразилия, Аргентина сияқты елдердегі өндіріс көлемінің өзгеруіне байланысты әлемдік деңгейдегі мәселе. Екіншісі, бүгінгі таңда көрші мемлекеттердегі баға айтарлықтай жоғары, осыған орай ет ағыны сол жаққа қарай бөт алды, нарықтық сұраныс өскен. Біз өз тарапымыздан, бұл динамиканы бақылап, бірқатар бастамалар көтердік, соның ішінде сыртқы саудаға қатысты – мақсатымыз ішкі нарықты қамтамасыз ету, – деді министр.

Ресей мен Қырғызстандағы бағалардың қымбат болуы қазақстандық шаруаларды өз өнімдерін сыртқы нарыққа шығаруға итермеледі. Қай жерде баға жоғары болса, шаруа соны таңдайды. Осыдан барып ішкі нарыққа ет азайып, сұраныс артып, баға



өсе түсті. Ең үлкен түйтікілдерді бірі – елдегі ірі қара
санының кемюі. «Ет одағының» дерегінең соңғы
жылдары Қазақстанда шамамен 2 миллионға жуық
ірі қара кеміп кеткен. Бұл – жалпы мал басының
төрттен біріне жуық көрсеткіш. Бұған фермерлердің
мал шаруашылығынан бас тартуы сеп болууда.
Себебі экспортқа шектеу қойылған соң артық ет ішкі
нарықта қалып, бағасы арзандап кетті. Шаруалар
шығынға батып, мал бағудың тиімсіз екенін түсінді.
Көпшілік бағаның өсуін дедлалдардан көреді.
Дегенмен мамандардың айтуынша, қазіргі нарықта
алып қатарлардың қосатын үстеме бағасы қалыпты
деңгейде. Шектен тыс пайыздық пайда жоқ. Демек
бағаның шарықтауына басты себеп – ұсыныстың
азаяуы мен сыртқы факторлар. Шаруалардың тағы
бір шағымы – қолжетімді несиенің, субсидияның
тапшылығы. Мемлекет 5 пайыздық жеңілдетілген
несие бағдарламасын енгізгенімен, кепілзат талаптары
қатан болғандықтан, оны көп шаруа ала алмайды.
Жем-шөп бағасының қымбаттағанын қосқанда, мал
шаруашылығымен айналысу барған сайын ауыр
салаға айналды.

2-БЕТТЕ

«Ақмешіт-ақпарат»

1 ҚАЗАН – ҚАРТТАР КҮНІ

ҚАРТТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ПАРЫЗЫ

Ақиқатты айқындап жариялар,
Бара жатыр азайып қариялар.
Дауыл тұрса, бүлк етіп толқымайтын,
Бара жатыр сарқылып дариялар, – деп ақын ақын Мұқағали Мақатаев жырлағандай ауылына ақыл айтар, өскеніне демеу болар, адасқанын жолына салар қазыналы қарттардың азайып бара жатқаны қай-қайсысымызды болсын ойға шомылдырары анық. Олардың жүріп өткен тауқымет жолы ұрпаққа үлгі, істеген еңбегі болашаққа өнеге, берген батасы сарқылмас қазына. Қарттарымыздың әрбір айтқан сөзінде жанға азық болар қазына, ой түйер мағына бар екендігін де кейде ескермей қаламыз.

Арсыз күлкің тиылмас, жылауың да,
Айтысын да басылмас, ыланың да.
Араздасып ағайын кетер еді,
Бір қария болмаса бір ауылда, – дегендей әр ауылдың ақылшысы, дариясы, жол сілтер көсемі болмаса ел жетім. Жүгіріп шығар төбе көп,
Асу бермес шың қиын.



Қартайған шал елде көп,
Аксақал болу тым қиын.
Шынында қарттыққа жету де сан соқпақтан өтіп,
қиындықпен бетпе-бет келіп, өмірдің ауыртпалығына шыдап,
артында ғибратты даңғыл жол қалдыруымен құнды.

Қариялар – халық қазынасы, «ауылында қартың болса,
жазып қойған хатпен тең» деп бекер айтылмаған. Адам-
шылықтың осы бір жүгін қасиетпен, нақтылы іспен, ақыл-
парасатпен көтеріп келе жатқанын қала ардагерлері де дәлелден отыр.

Ардагерлердің өміршеңдігін ескерген еліміз де, оларға деген ілтипатын, қамқорлығын аяған емес. Осы мақсатта қайда болмасын ардагерлер жоғары бағаланып, әр ұйымда есепке алынып, олардың күнделікті өміріне аса қатты мән беріледі.

Қызылорда қалалық Ардагерлер кеңесі де өз жұмысын осы бағытта жүргізуде. Қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шакизат Төребаевтың айтуынша, қала бойынша 35 мыңға жуық зейнеткер болса, оның 20400-і есепке алынып, 265 ұйым құрылған.

Қалалық ардагерлер кеңесі де жылдық жұмыс жоспарын жасап, 3 рет алқа мәжілісі өткізілген.

– Жоспарға сай басты мақсат – қала бойынша ардагерлерді есепке алып отыру, бұл бойынша әрбір ұйымға тапсырма берілген. Жаңадан ұйымдар ашу да негізгі жұмыстың бірі. Осыған орай биыл жаңадан 7 ұйым ашып, оған 395 ардагерді тіркедік. Бір атаумен аталып бірнеше ұйым біріктіріліп, жеке мекеме болып кеткен ұйыммен қайта жұмыс жүргізіліп, есебі нақтыланды.

Мәселен, «Семей сынақ полигоны», «Халық шаруашылығын дамыту және мәдениет продюсерлік орталығы»

мекемелерінен келген 79 ардагер нақтылы ұйымға кіргізілді. Мұндай жұмысты күн сайын жүргізіп отырымыз.

Ұйымда 10 адамнан тұратын алқа мүшелері, 6 адамнан құралған әжелер алқасы бар. Олар Ардагерлер кеңесінде өтетін іс-шаралар мен келелі мәселеге қатысты шаруаны кеңесіп, шешіп отырады, – дейді қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

«Қарты бар үйдің қазынасы бар» дейді дана халық. Сол айтқандай қарттар – асыл қазынамыз. Қалалық ардагерлер кеңесінде қарттарды құрметтеу жақсы жолға қойылған. Соның дәлелі биыл мерейлі жасқа толған 60-қа жуық ардагерге сый-сияпат пен құттықтаулар ұйымдастырылған. Үйде жатып қалған қариялар да назардан тыс қалмаған. Елге ақылшы, қоғамға өнеге көрсетіп отырған қарттардың уақытының тиімді өтуі үшін жайлы демалыс ұйымдастыру назардан тыс қалмаған.

Мәселен, наурыз айында «Әже өнегесі ұрпаққа мұра» атты «Аялы әже» форумы аясында әжелер арасында байқау өткізілген. Оған әр салада еңбек еткен 10 ардагер ана қатысып, өз өнерін ортаға салған. Түрлі шараларды үйлестіріп отыру үшін наурыз айынан бастап Қалалық ардагерлер кеңесі жанынан құрамы 6 адамнан тұратын «Әжелер алқасы» құрылған.

Женістің 80 жылдығы – бұл өткенге тағзым етіп, бейбітшіліктің қадірін түсінетін маңызды күн. Осындай салтанатты сәтті аға ұрпақпен ұлықтау мақсатында «Ақ Отау» мейрамханасында тыл ардагерлеріне ас беріліп, 130 ардагерге бағалы сыйлық тапсырылған. Сонымен қатар мамыр айында «Ардагерлер жеңіс әнін шырақайды» атты патриоттық ән байқауы болып өтіп, 19 ардагер қатысып, бақ сынаған. Жеңімпаз ардагерлер Алғыс хаттармен, бағалы сыйлықпен марапатталған.

Маусым айында да спорт пен сергектікті бойға сіңірген ардагерлер билырдтан сайыс өткізіп, оған білім, денсаулық, ішкі істер, ауыл шаруашылығы, мұнай, темір жол, орман, аң, балық шаруашылығы және өзге саладан 27 ардагер жарысқа түскен. Қызылорда қаласының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің бағалауымен бас жүлдені Ұлттық саралау саласы ардагері Мұхан Әміргалиев, I орын ПетроҚазақстан компаниясынан Алмас Бекеновке, II орын Белкөл кентінен Шәмшат Ахметовке, Қазақтелекомнан Шакизатда Жұбаниязовқа, III орынды Ішкі істер бөлімінен Леонид Пакке, мұнай саласынан Жарылқасын Бекназаровқа, Наурыз ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы Болат Мусаевқа, ішкі істер бөлімінен Рашид Жүсіпов секілді бір топ ардагерге берілді. Қатысушы ардагерлерге бағалы сыйлық пен кубок тапсырылған. Мұның өзі салауатты өмірді серік еткен ардагерлерге жаңа құлшыныс пен сергектік сыйлаған.

Ардагерлерді киелі орындарға апарып, серуендетуді де дәстүрге айналдырған. Ардагерлер кеңесі маусым айында 42 кісіні Оқшы ата, Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи, Арыстанбаб кесенелеріне бабалар басына зират етуге жіберген. Олар сапар барысында Арыстанбаб кесенесін аралап, қазақтың біртуар азаматы Өзбекәлі Жәнібековтің басына барып зират етіп, құран бағыштаған. Мұнан соң ардагерлер Түркістанда «Керуен» сарайын тамашалап, Түркістанның жаңа келбетімен танысқан. Қызылорда қалалық Ішкі істер саласының ардагері Қ.Наурызбаев өзінің әсерімен бөлісіп, ұйымдастырушыларға алғыс білдірген.

– Бүгінгі сапарымыз қасиетті және тарихи киелі мекендермен жақынырақ танысып, рухани азық алдым. Өсиет пен қасиет тұнған зиялы қауыммен бірге болу, керемет кездесу, жүздесу мен үшін жақсы демалыс болды. 42 ардагердің басын қосып, бізге әсем ән мен көтеріңкі көңіл күй сыйлаған қалалық ардагерлер кеңесінің ұйымдастырушыларына алғысым шексіз, – дейді ардагер.

Қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шакизат Төребаевтың айтуынша, ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен 12 қыркүйек күні де 47 ардагер Байқоңыр, Қорқыт ата, Марал баба бағыты бойынша саяхаттап қайтқан. Сапар барысында Марал бабаның басына құран бағыштап, зират еткен. Марал ишан қорымының шырақшысы Бекболат Марал ардагерлерге баба мен баласы Қалқай ишан және маңындағы 24 ишан жайлы тарихи мағлұмат берген. Мұнан соң ардагерлерді Байқоңыр қаласының ардагерлер кеңесінің төрағасы Іскендір Көпешбайұлы Шубников атындағы паркке орналасқан ғарыш айлағының тарихи орындарымен таныстырған. Мұнан әрі қарттар Қорқыт ата кесенесіне аялдап, тарихи музейді аралап, қобыз үнін тыңдап, баба әруағына құран бағыштаған.

Шынында, қазыналы қарттар риза болып, олардың ақ батасын алсақ, әлемде бейбітшілік салтанат құрса, еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, қамбағыз дәнеге, көңіліміз әнге толса міне, кейінгі ұрпақ үшін шын бақыт осы!

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаевтың
Жарлығына сәйкес,
биыл елімізде Жұмысшы
мамандықтары жылы болып
жарияланғаны белгілі.
Бүгінде қолға алынған
бастама кезеңінің бел
ортасынан өттік. Осы ретте,
еңбек адамын дәріптеуге
бағытталған жыл аясында
аспаздықты сүйікті кәсібіне
айналдырған, еңбегімен
елге танылған Ақкенже
Дүйсеновамен
әңгімелескен едік.



Ас әзірлеу – күнделікті тұрмыстағы қарапайым іс болғанымен, оны кәсіпке айналдырып, халыққа ұсыну үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Бүгінгі кейіпкеріміз Ақкенже Дүйсенова үшін ас үй – жай ғана жұмыс орны емес, екінші үйі.

Ақкенженің дүкеніне кірген бойда қып-қызыл пеште піскен бәліштің, жаңа дайындалған тортың иісі аңқып, қонақжайлылықтың ерекше бір лебін сезінесіз. Әрбір бұрышына қойылған ыдыстар, тиянақты тазалық, сәнді безендірілген орын, бәрі де иесінің ұқыптылығы мен талғамын айғақтап тұр. Дүкенге келушілердің көп екені бұл жердің халық арасында зор сұранысқа ие екенін көрсетеді.

– Тағам әзірлеу – тек пияз турап, қазанға салу емес. Әрбір өнімнің сапасына мән беру, өнімнің өлшемі қатаң сақтау керек. Бір кішкентай қателік тұтас дәмнің бұзылуына әкеліп соғады. Сондықтан аспазға қателесуге болмайды. Жақсы аспаз азық-түліктің сапасын бір көргеннен-ақ аңғарады. Әрбір әзірлеген тағамым халықтың жүрегіне қуаныш сыйласа екен деймін. Кейде дүкенге келген балалардың қуаныштан көздері жайнап, тәттіні таңдап тұрғанын көру – мен үшін үлкен бақыт, – дейді кейіпкеріміз.

Аспаздық – дәлдік пен жауапкершілікті қажет ететін

сала. Кейде бұл сала медицинадан кем болмайды.

Ақкенже алғашында қарапайым аспаз болып еңбек жолын бастаған. Уақыт өте келе ол пісірген тағамдарын той-томалаққа, мерекелерге дайындап жүрді. Халықтың сұранысы артып, арманының қанат жаюына түрткі болды.

– Алғашқыда бұл ісімді қосымша табыс көзі ретінде ғана қарадым. Бірақ уақыт өте келе өзімнің шын жүрегіммен сүйетін ісім екенін түсіндім. Ұйқысыз түндер, үздіксіз еңбегім зая кеткен жоқ. Бүгінде екі дүкенім бар. Оның әрқайсысында өзімнің қолтаңбам бар. Тағам әзірлеу – ақ паракка сурет салумен тең. Қазіргі заманда креативтілік басты орында. Тағамның дәмі ғана емес, сәні де үйлесуі керек. Әдемі безендірілген төрт немесе әшекейленген бәліш адамның тәбетін ашып қана қоймай, көңіл-күйін де көтереді, – дейді ол.

Ақкенже үшін аспаздық – өнер. Кратив пен өнердің үйлесімі. Дүкен сөрелерінде әдемі торттар, самса, печенье түрлері тізіліп тұр. Әрқайсысы көрген жанды елітіп әктердей әсемдікпен дайындалған.

Ақкенженің тәттілеріне тұтынушылар да жылы пікірін білдірді.

– Әр мерекеміз Ақкенженің тәттілерінсіз өтпейді. Әсіресе

балалар туған күніне тапсырыс берілген торттарды асқа күтеді. Дәмі тіл үйіреді, әдемілігіне көз тоймайды, – дейді тұтынушы Карина Құрманбек.

Әңгіме соңында Ақкенженің неліктен жастар бұл мамандықтан қашатынын да сұрадық.

– Қазір көпшілік жастар аспаздықтан қашақтайды. Кейбір бұл мамандықты төмен санайды. Бірақ бұл – үлкен қателік. Кеңесде отырған қызметкер қандай еңбек етсе, аспаз да сондай тер төгеді. Тіпті кейде бізге жүктеме одан да көп болады. Жастарға айтарым, ас үйді жақсы көрсеніздер, еш қорықпай осы салаға қадам басыңыздар. Бұл – әрқашан сұраныста болатын мамандық. Қаңша жерден технология дамыса да, дәмді тағамның орнын ештеңе баса алмайды, – дейді ол.

Ақкенже Дүйсенованың жеткен жетістігі – адал еңбек пен тынымсыз ізденістің жемісі. Ол аспаздықты кәсіпке айналдырып қана қоймай, айналасына қуаныш сыйлап жүрген жан. «Ақкенже тәттілері» бүгінде қала тұрғындарының көңілінен шығып, елдің алғысына бөленіп жүр. Кәсіби қабілетін арманмен, тәуекелмен ұштастарған Ақкенже бүгінде арманына жетіп отыр. Бүгінгі жеткен абыройы тынымсыз еткен еңбектің нәтижесі.

Айдана БАХТИЯР

ҚЫМБАТШЫЛЫҚҚА
ҚАЛАЙ ТҰСАУ БОЛАМЫЗ?

Базар бағасы бақылауда

2025 жылдың басы айынан бері елдің ірі қалаларында ет бағасы мынадай деңгейде қалыптасты: сиыр еті – 3500-4500 теңге/кг, қой еті – 3500-3800 теңге/кг, жылқы еті – 3900-4500 теңге/кг, ал тартылған ет болса – 2000-5000 теңге/кг арасында. Баға еттің қай бөлігінен жасалғанына қарай өзгеріп отырады. Мәселен, майлы тартылған сиыр еті – 4000 теңге, майсыз тартылғаны – 4500 теңге шамасында. Сиырдың жаясы мен таза еті – 5000 теңгеден асады. Қойдың құйрық майы мен артқы жамбасы – 4000 теңге шамасында болса, алдыңғы жағы – 3000 теңге төңірегінде. Жылқы еті соңғы уақытта қатты қымбаттамағанымен, дүкендер мен базар арасындағы баға айырмашылығы айтарлықтай. Кейбір жерлерде 5000-6000 теңгеге дейін жеткен. Бұл өнім сапасы мен өндірушінің шығынына байланысты.

Өзіміздің өңірде қандай? Қызылорда өңірінде де ет бағасы республикалық орташа деңгейден аса өзгеше емес. Сиыр етінің келісі – 3000-4000 теңге, қой еті – 3500-3700 теңге, ал жылқы етінің бағасы – 2500-3000 теңге аралығын құрады. Жергілікті базардағы саудагерлердің айтуынша, соңғы айларда әсіресе сиыр еті 300-400 теңгеге қымбаттаған. Бұл жағдайды олар мал басының азаюымен және жем-шөп шығынының өсуімен түсіндіреді.

Жалақы жеңсік асқа
жетпей тұр

Ет бағасының шарықтауы ең алдымен қарапайым халықтың күнделікті тұрмысына

Басы 1-бетте

тікелей сокқы болды. Қазақ дастарханы етсіз елестетілмейтінін ескерсек, бұл мәселе тек экономикаға ғана емес, ұлттық дәстүр мен тұрмысқа да әсер етуде. Бұрын аптасына бірнеше рет ет асатын отбасылар бүгін де оны тек мерекелік дастарханға ғана қоятын жағдайға жетті. Орташа жалақы алатын қазақстандық отбасылар үшін сиыр еті күнделікті тұтыну қол жетпес арманға айналып бара жатқан секілді.

– Еттің бағасы күннен күнге шарықтап барады. Бұрын үйге апта сайын сиыр еті алатыным. Қазір айына бір рет алсам соның өзі қиын болып кетті. Балалар ет жегісі келеді, бірақ қазанға күнде салуға қалта көтермейді. Жалақы көтерілгенімен, баға одан да жылдам өсуде. Сүт, май, көкөніс қоса қымбаттауда. Енді етті тек мейрам күндері ғана алатын жағдайға жеттік. Халықтың тұрмысына қатты салмақ түсуде, – дейді қала тұрғыны Нұрхан Нұрғали.

Бағаның өсуі сырттай қарағанда шаруаларға пайдалы сияқты көрінгенімен, іс жүзінде олай емес. Себебі жем-шөп бағасы мен малды бағып қуту шығындары да бірге қымбаттауда. Ал субсидия мен жеңілдетілген несиеге қол жеткізе алмай жүрген ұсақ шаруалар үшін бұл сала барған сайын тиімсіз бола түсуде. Көптеген ауылдықтар мал өсіруден бас тартып, табыс табудың басқа жолдарын іздеуде.

– Қаладағылар еттің қымбаттағанына налиды. Ал біз мүлде басқа қиындыққа тап болып отырмыз. Мал бағу жылдан жылға ауырлап барады. Жем-шөптің бағасы аспандап тұр, жайылым тарылды, техника мен ветеринарлық қызмет қолжетімсіз. Ең сорақысы, малды өсіріп, бағып-қағып жеткізгенмен, пайласы көбіне делдалдың қалтасына кетеді. Бізден арзанға алады, ал базарға жеткенше қымбаттап барады, – дейді жеке қожалық иесі Бақытжан Қалиұлы.

Бағаны тежеу үшін

қандай шаралар қолдануда?

Үкімет алғашқы қадам ретінде 2025 жылдың мамыр айында ірі қараларды шет елге сатуға уақытша тыйым салды. Бұл ішкі нарықтағы тапшылықты азайтады деген үміт болған. Дегенмен, нәтиже күткендей болмады. Ет бағасы төмендемей керісінше өсе түсті. Осыған байланысты шектеу мерзімі қазан айына дейін ұзартылған болатын. Сарапшылар мұндай шара тек уақытша әсер ететінін, түбегейлі шешім үшін жүйелі саясат қажет екенін алға тартады. Сондай-ақ 23 қыркүйек күні Сауда және интеграция министрлігі сиыр еті нарығындағы жағдайға байланысты арнайы жедел желінің іске қосылғанын жариялады. Енді қазақстандықтар ет бағасына қатысты шағымдарын осы жедел желі арқылы хабарлауға мүмкіндік алды. Бұл желі республика бойынша қолжетімді болып, оған жеке азаматтар да, кәсіпкерлікпен айналысатын адамдар да хабарласа алады. Министрліктің хабарлауынша, осы жедел желіге әртүрлі мәселелер бойынша хабарласуға болады. Мысалы, дүкеннен немесе базардан сиыр еті тым қымбат бағамен сатылып жатқанын байқасаңыз, сол жайлы хабарлай аласыз. Сонымен қатар сатушылар еттің бағасына артық төлем қосып жатқанына күмәндансаңыз да, осы нөмірге қоңырау шала аласыз. Бұл желі кәсіпкерлер үшін де ашық. Егер ет жеткізуде қиындықтар туындаса, олар да осы арқылы мәселені жеткізе алады. Қызылорда облысының тұрғындары үшін байланыс нөмірі: 8 (7242) 71-15-30.

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА

Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

– **Сыбайлас жемқорлықпен күресте әділет органдарының рөлі қандай?**
– Сыбайлас жемқорлықты жеңу – әділет саласының басты міндеттерінің бірі. Бұл тұрғыда заң аясында нақты тетіктер бар. Мәселен, Қылмыстық кодекстің 366-бабы пара алуды, ал 367-бабы пара беруді қылмыс ретінде қарастырады. Яғни тек пара алған адам ғана емес, пара ұсынған тарап та жауапқа тартылады. Бұл қоғамда жиі ескерілмей қалатын жайт. Кез келген азамат өзінің құқықтық сауаттылығын арттырып, заңды білуге және қорғауға әрекет етсе, мұндай жағдайлардың алдын алуға болады. Егер азамат сыбайлас жемқорлыққа тап болса, әділет органдарына жүгінуі тиіс.

Еркін ҚАПАЕВ:

ЗАҢҒЕР — АР-НАМЫСТЫҢ, ӘДІЛДІКТІҢ АДАМЫ БОЛУЫ КЕРЕК

Мұндай істер аяқсыз қалмайды. Өкінішке қарай, көп жағдайда халық «жабулы қазан жабулы күйінде қалсын» деп үнсіз қалады. Ал шын мәнінде, бізге керекті – ашықтық пен әділдікке ұмтылу. Егер сіз жемқорлықтың құрбаны болсаңыз, құзырлы органдарға жүгінгенініз абзал. Дер кезінде пәрмен берініз, мәселе ұшықпай тұрып.

– **Соңғы жылдары сыбайлас жемқорлықпен күрес азайып келеді деп жиі айтамыз. Дегенмен мектепке еден жуушы болып жұмысқа тұру үшін де миллиондан ақша береді дегенді естіп жатамыз. Сонда заңның қауқары жетпегендік пе?**
– Мұндай сыңсу әңгімелер әлі де бар. Бірақ мәселе заңның әлсіздігінде емес, адамдардың құқықтық санасының

Басы 1-бетте

Заманауи технологиялардың дамыған кезінде елімізде кен етек алған қылмыстың түрі – интернет алаяқтық. Жыл сайын мыңдаған адам киберқылмыстың құрбанына айналып, сан соғуда. Сондықтан да бұл мәселе өзектілігін жоғір емес.

Құқық қорғаушылар алаяқтыққа қарсы күрес жұмыстарын күшейткенімен, алданып қалғандар аз емес. Еліміз бойынша 2024 жылы интернет алаяқтықтың 22870 жағдайы тіркелсе, 2025 жылдың 5 айында – 10145 жағдай тіркелген. Демек, күн сайын бұл мәселе күрделене түсуде. Құқық қорғау органдары алаяқтықты азайту үшін бақылауды күшейтіп, барлық жағдайда жасауда. Алаяқтықтың алдын кесу мақсатында аймақта ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Қызылорда облыстық полиция департаменті Киберқылмыспен күрес басқармасы бастығының орынбасары Тимур Хамитовтің сөзіне сүйенсек, жыл басынан бері аймақ бойынша интернет-алаықтыққа қатысты 118 қылмыстық іс тіркелген. Оның ішінде 41 іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталып, түпкілікті шешім қабылданған.

– Қазіргі уақытта ең жиі кездесіп отырған тәсіл – өзін банк қызметкері ретінде таныстырып, азаматтарды алдау. Мұндай жағдайда қылмыскер жәбірленушіге хабарласып, оның атындағы есепшотқа шабуыл жасалғанын немесе төлем картасындағы қаржысын жымқырып жатқандар



бар екенін айтады. Кейін «қауіпсіз есепшотқа» қаражатты аударуды талап етеді. Сондай-ақ алаяқтар TeamViewer немесе AnyDesk сияқты арнайы бағдарламаларды жүктеп алуды көндіреді. Аталған қосымшалар арқылы олар жәбірленушінің телефонына қашықтан кіріп, банк қосымшасын толықтай басқара алады. Бұл ретте депозиттегі қаржыны шешіп алып қана қоймай, кез келген сомада онлайн несие рәсімдеп, түскен ақшаны өздерінің есепшотына аударып жіберу олар үшін қиын емес. Интернет-алаықтықтың тағы бір кен тараған түрі – әлеуметтік желілерде жалған парақшалар ашып, тұрмыстық заттарды сату немесе қызмет көрсетуді уәде етіп, алдын ала төлемді алып

жоғалып кету. Сондай-ақ WhatsApp мессенджері арқылы таныстардың фотосын пайдаланып, қарызға ақша сұрау деректері де жиілеп отыр. Осыған орай тұрғындарымызға құдікті қоңыраулар мен хабарламалар түскен жағдайда ешқашан жеке деректерін бермеуді, банк картасы мен қосымшаға қатысты құпия кодтарды айтпауды ескертсеміз. Ең бастысы – банк атынан хабарласқан белгісіз адамдарға сенбей, бірден ресми сенім телефондарына қоңырау шалған жөн, – дейді Тимур Зуфарович.

Интернет арқылы көбейген алаяқтың құрығына түсіп қалмаған жөн. Олар кез келген адамды өз айла-сына түсіретіндей әрекеттер жасайды. Сондықтан бөтен номерден

байланысқан, әлеуметтік желі арқылы хабарласқан кісілерден сақ болған жөн. Мәселен, қазіргі уақытта «Ватсап» және «Инстаграм» желісі арқылы ақшаныңызды 30, 50% көбейтіп береміз деп жарнама жасайтындар көп. Ол үшін «алдын ала төлем салу керек» деп халықтан ақша жинап, жарнама берген парақшаларын жауап тастайды. Бүгінде халықты көбі қаражаттан қысылып жүргендіктен, осындай жайттарға сеніп алданып қалуы мүмкін. Сондықтан да сақтық шараларын қолданған жөн. «Онай олжаға тап боламын» деп, алаяқтың құрбанына айналып жүрмеңіз. Өзіңіз хабарыңыз болмаған жайттан қашық жүрген дұрыс. Себебі басқарма бастығы азаматтарды алдап, сендіру арқылы жасалған қылмыстар халық арасында белең алып жатқанын қадап айтты. Мұндай алаяқтықтың алдын-алу үшін басқарма тарапынан түрлі шара жасалуда. Мәселен, халықты құлақтандыру мақсатында «Фейсбук», «Инстаграм» әлеуметтік желілеріне алаяқтың түрлеріне қатысты үздіксіз бейне роликтер мен жазбаша макалалар жариялануда. Дегенмен, киберқылмыскерлердің кіндіруы әрекеттерін түбегейлі тоқтату әзірге мүмкін емес. Сондықтан әр азамат жеке басына қатысты деректерді тек қана өзі біліп, басқа адамға жария етпегені жөн. Телефонға белгісіз номерден қоңырау келген жағдайда ойланып жауап берген абзал.

А.БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

– **Цифрландыру заң саласына қалай әсер етеді? Онлайн қызметтердің пайдасы мен кемшілігі қандай?**

– Цифрландыру – уақыт талабы. Бұрын азамат арызын жазу үшін мекемеге барып, кезекте тұрып әуре болатын. Қазір бұл кедергілер жойылды. Енді үйде отырып та, тіпті жолда келе жатып та өз өтінішін немесе шағымын тікелей әділет органдарына жолдауға болады. Онлайн қызметтердің пайдасы – уақыт үнемдеу мен қолжетімділік. Әрбір өтініш электронды жүйеде тіркеліп, қаралу барысы қадағаланады. Ең бастысы қай қызметке жүгінсеңіз де, заң талаптары аясында әділетті шешім қабылданады. Бұл процестерді Ұлттық қауіпсіздік органдары да бақылауда ұстайды. Әрине, цифрландырудың

белгілі бір техникалық қиындықтары кездесуі мүмкін, бірақ бұл уақытша мәселе. Жүйе жетілдірілген сайын азаматтар үшін ыңғайлылығы арта береді.

– **Қазір алаяқтарға алданып, сан соғып қалғандар жетерлік. Алаяқтарға заңмен тосқауыл бар ма?**

– Әрине, алаяқтыққа тосқауыл бар. Тек дәлел болса болғаны. Мәселен, аударымдар қолма қол емес, тікелей банктік жүйелер арқылы аударыла заң алдында қорғап шыға аласыз. Себебі тіркелген номер арқылы алаяқтықты тез анықтай аласыз. Сондай-ақ белгілі бір келісімшартқа қол қояр алдын сонына дейін оқып, келісімшартпен танысып шығыңыз. Келісімшартта не жазылған, не туралы екенін мұқият оқыңыз. Қазір бәрі онлайн жүйе болғандықтан асықтығы танытады. Сонында зарлап шегеді. Ал әділет органдарына жүгінген

ЖАРИЯ ШАРТ

КСҚ «Шапағат» (бұдан әрі – «Қызмет көрсетуші»), Жарғы негізінде әрекет ететін төрайым Шаханова К.А. атынан, бір тараптан және тұрғын үй-жайдың (тұрақты тұруға арналған пәтердің) және тұрғын емес үй-жайдың меншік иесі (бұдан әрі – «Қызмет алушы»), екінші тараптан, әрі қарай бірге – «Тараптар», мына шартты (бұдан әрі – «Шарт») жасасты:

- КЕЛІСІМШАРТТЫҢ НЕГІЗІ**
 - Келісімшарттың негізі – «Қызмет алушыға» тиесілі тұрғын және тұрғын емес үй-жайларға «Қызмет көрсетушінің» қызмет көрсетуі.
 - «Қызмет көрсетуші» тұрғын және тұрғын емес үй-жайларға қызмет көрсетеді, ал «Қызмет алушы» көрсетілген қызмет үшін ақы төлеуге міндеттенеді.
 - Қызылорда қалалық мәслихатының 2025 жылғы 25 тамыздағы шешіміне сәйкес және «Қызмет алушылардың» келісімімен қызмет көрсету ақысы 1 м² үшін 35 теңге мөлшерінде белгіленеді.
- ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ**
 - «Қызмет көрсетуші» міндеттенеді:
 - тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды, оларға іргелес аумақты, жертелені техникалық пайдалану талаптарына сәйкес күтіп-ұстау және қызмет көрсету жұмыстарын орындауға;
 - қызмет көрсету тарифінің негіздемесін «Қызмет алушыға» жеткізуге;
 - аула аумағын жинауға, жертөле жайлары мен көріз жүйелерін күтіп ұстауға, қажет болған жағдайда арматураны (вентильлерді) ауыстыруға;
 - подъездерді екі жылда бір реттен сиретпей жөндеуге, жертөле жайларын тазалауға, инженерлік желілер мен құбырларды (жылу және су жүйелері) жөндеуге немесе ауыстыруға, сондай-ақ бірінші құдыққа дейінгі көріз жүйелерін жөндеуге;
 - «Қызмет алушы» міндеттенеді:
 - тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды ұқыпты ұстауға, инженерлік коммуникацияларға зақым келтірмеуге;
 - инженерлік коммуникациялардағы ақауларды «Қызмет көрсетушіге» дер кезінде хабарлауға;
 - шартта белгіленген мерзімде және мөлшерде қызмет ақысын төлеуге, өз кінәсінен зақымдалған инженерлік коммуникациялар үшін шығындарды өтеуге;
 - «Қызмет көрсетушінің» жазбаша рұқсатынсыз тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды қайта жоюлауға немесе қайта жабдықтауға жол бермеуге;
 - санитарлық қадағалау және өзге де мемлекеттік бақылау органдарын «Қызмет көрсетушінің» рұқсатынсыз үй-жайға және іргелес аумаққа кіргізбегуге, заң бұзушылық анықталған жағдайда оларды белгіленген мерзімде жоюға.
- ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ**
 - «Қызмет көрсетуші» құқылы: тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды, олардың техникалық құрылыстары мен инженерлік коммуникацияларын жоспардан тыс тексеру жүргізуді талап етуге.
 - «Қызмет алушы» құқылы: қызмет көрсету тарифін көтерудің негіздемесін талап етуге, көрсетілмеген немесе сапасыз көрсетілген қызмет үшін шағым жасауға.
- ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ**
 - «Қызмет көрсетуші» мен «Қызмет алушы» арасындағы есеп айырысу мынадай тәртіппен жүргізіледі: ай сайын әр айдың 25-іне дейін 1 м² үшін 35 теңге мөлшерінде төлем жүргізіледі.
- ШАРТТЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ**
 - Осы Шарт Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 387-бабына сәйкес жария шарт болып табылады.
 - Шарт жарияланған күннен бастап күшіне енеді және белгісіз мерзімге жасалған болып есептеледі.

«Қызмет көрсетуші» КСҚ «Шапағат»: БcH 961140002308 Қазантаев көш., 21 ИИК KZ126010201000003267 БИК HSBKKZKX Халық Банк Қазақстан Телефон: : 27-29-43,27-50-63 Председатель: Шаханова К.А.

ПУБЛИЧНЫЙ ДОГОВОР

КСҚ «Шапағат» именуемый в дальнейшем «Услугодатель», действующий на основании Устава в лице председателя Шахановой К.А., с одной стороны и Собственник жилья (жилого помещения - квартиры) принадлежащей и используемой для постоянного проживания) и нежилого помещения, именуемый в дальнейшем «Услугополучатель» с другой стороны, вместе именуемые «Стороны», заключили настоящий Договор (Далее - «Договор») о нижеследующем:

- ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА:**
 - Предметом договора является жилое и нежилое помещение «Услугополучателя», обслуживаемое «Услугодателем».
 - «Услугодатель» обслуживает жилое помещение и нежилое помещение «Услугополучателя», а «Услугополучатель» обязуется своевременно оплачивать за эксплуатацию и обслуживание жилого и нежилого помещения.
 - Согласно Решению Кызылординского городского масхилата от 25августа 2025 года и по согласованию с «Услугополучателями» плата за обслуживание в размере 35 тенге за 1 м2.
- ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН:**
 - «Услугодатель» обязуется:
 - выполнять весь комплекс работ, направленных на обслуживание и содержание жилого и нежилого помещения и придомовой территории, подвальной части в соответствии с требованиями технической эксплуатации, содержания жилых домов и придомовой территории;
 - доводить до «Услугополучателя» обоснования тарифов на обслуживание жилого и нежилого помещения.
 - осуществлять уборку дворовой и придомовой территории, обеспечивать надлежащее содержание подвальных помещений, канализационных систем, а также производить замену запорной арматуры (вентилей);
 - проводить ремонт подъездов не реже одного раза в два года, включая очистку подвальных помещений, ремонт и частими(при необходимости) замену инженерных сетей и трубопроводов (отопительных и водопроводных систем), а также ремонт канализационных систем до первого колодца;
 - «Услугополучатель» обязуется:
 - содержать в порядке жилое и нежилое помещение, не совершать действий, способных повредить инженерные коммуникации;
 - своевременно сообщать «Услугодателю» о выявленных неисправностях инженерных коммуникаций;
 - вносить плату за обслуживание в размере и в сроки, установленные договором, оплачивать за счёт поврежденных инженерных коммуникаций (при наличии вины);
 - не допускать без предварительного письменного разрешения «Услугодателя» перепланировку и переоборудование жилого и нежилого помещения и расположенных в них инженерных коммуникаций;
 - не допускать в жилое и нежилое помещение и на прилегающие к ним земельные участки представителей, без разрешения «Услугодателя», служб санитарного надзора и других государственных органов, контролирующих соблюдение законов и норм, касающихся порядка пользования и эксплуатации инженерных коммуникаций и устранять в установленные сроки зафиксированные нарушения.
- ПРАВА СТОРОН:**
 - «Услугодатель» имеет право:требовать от «Услугополучателя» внепланового осмотра жилого и нежилого помещения и их технических устройств, инженерных коммуникаций.
 - «Услугополучатель» имеет право:требовать от «Услугодателя» обоснования увеличения тарифов на обслуживаниепредъявлять претензии в случае неокказания или некачественного оказания услуг.
- РАСЧЕТЫ:**
 - Расчет между «Услугодателем» и «Услугополучателем» на обслуживание и эксплуатацию жилого и нежилого помещения производится следующим образом:

Оплата за обслуживание35 тенге за 1м2 ежемесячно до 25 числа каждого месяца.

5.СРОК ДЕЙСТВИЯ НАСТОЯЩЕГО ДОГОВОРА:

5.1. Настоящий договор является публичным (статья 387 Гражданского кодекса Республики Казахстан).

5.2. Договор вступает в силу со дня его опубликования и считается заключённым на неопределенный срок.

«Услугадатель» КСҚ «Шапағат»: БИН 961140002308

ул. Казантаева, 21 ИИК KZ126010201000003267 БИК HSBKKZKX

Народный Банк Казахстана Телефон: 27-29-43,27-50-63

Председатель: Шаханова К.А.

Список домов обслуживаемых КСҚ «Шапағат»: ул. Желтоқсан д.26,28,32,34, ул. Токмағамбетова. д.1,2,3,18,23, ул. Байсеитова д.96, ул. Айтеке би. д. 5,20,23,38,40, ул.Казек би. д. 12,20,22,24,24Д,43,45. ул. Коркытата д.15А, 32, ул. Казантаева д.2,6,8,19,31,45. ул. Кайдарова д. 2, ул. Сулейменова д.64, 70, ул. Ильясова. д. 2, ул. Ауезова д. 24,24А,26,43,45,55, ул. Тажимаева. д. 1,1А,23,23А,25, Янышина д.6, ул. Прибрежная д. 40, ул. Чимченская д. 24, ул. Толыбекова д.14, ул. Бейбитшилик д. 26

Айдана БАХТИЯР

■ «ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

АБАЙ
ҚҰНАНБАЕВ – 180ҚЫРЫҚ ЕКІНШІ
ҚАРА СӨЗ

Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі – жұмысының жоқтығы. Егер егін салса, я саудаға салынса, қолы тиер ме еді? Ол ауылдан бұл ауылға, біреуден бір жылқының тайын сұрап мініп, тамақ асырап, болмаса сөз аңдып, қулық, сұмдықпенен адам аздырмақ үшін, яки азғырушылардың кеңесіне кірмек үшін, пайдасыз, жұмыссыз қаңғырып жүруге құмар. Дүниелік керек болса, адал еңбекке салынып алған кісі ондай жүрісті иттей қорлық көрмей ме? Өзінің кәсібін тастап, кезегендікке салына ма?

Малдылар малын өңкей малшыларға, бала-шағаға тапсырып, қолдағы құдай берген азды-көпті дәулеті қызықсыз көрініп, оның ұры-бөріге жем болып, қарға-жарға ұшырауына шыдайды. «Пыш-пыш» кенестен қалып, бір ауылдан бір ауылға барып, қулық, сұмдық жасап жүріп, тегін тамақ жеп, ыржыңдасуды қысыратуға шыдамайды. Не үшін десен, халыққа әдет жол болған соң, шаруаға пысық, мал бағуға, мал табуға пысық ол өнерлі кісіге қосылмайды, я өзі пәле шығаруға пысық, я сондайлардың сөзін «естігенім», «білгенім» деп елге жайып жүріп, ырбаңдауға пысық өнерлілерге қосылғандай көрінеді.

Сол үшін осы күнгі қазақтың іске жараймын дегені өзінің азды-көптісін біреуге қоса салып, «көре жүр, көздей жүр» деп басын босатып алып, сөз аңдып, тамақ аңдып, ел кезуге салынады.

Бұл күндегіге байлық та мақтан емес, ақыл, абырой да мақтан емес, арыз бере білу, алдай білу – мақтан. Бұл екеуі қолынан келген кісі салт атты, сабау қамшылы кедей де болса, аз да болса орны төрде, майлы атқа, майлы етке қолы жетеді. Желөкпелеу, мақтаншақ байларды: «сіз айсаңыз, отқа түсуге бармын» деп желдендіріп алып, шаруасын қылмай-ақ, малын бақпай-ақ, содан алып киімін бүтейтіп киіп, тәуір атын мініп алып, қатарлы бір құрметке жетіп жүре береді.

Ол бай өз тыныштығын да білмейді. Бос шығынданғанын да ескермейді. Бір кісімен сөйлессе, мұны қайтеміз деп бағанағы антұрғанмен ақылдасады. Ол сиырдың жорғасы секілденіп, қарайғанда жалғыз өзім болсам екен дейтұғын ниетімен және де ақылдасар досы көбейсе, қадірім кетіп қалады деп «Ой, тәңір-ай, соны білмей тұрсыз ба? Ол ана қулық қой, бұл мына қулық қой» деп, «оған бүйдей салсаң болмай ма!?» деп бар онбай тұрған жауапты үйретіп, амалшылықтың жолын үйретем деп, ол байдың өзін кісіге сенбейтұғын қылады. Және байдың өзіне де адам сенбейтұғын болады. Байдың өз жауабы, өз мінезі онбай тұрған соң, бағанағы кісі бұзылса, әлгі антұрған байға «Мен айтап па едім, онқы қулық сөз деп, міне, көрдің бе?» деп, екіншіде тырп етпейтұғын қылып алады. Ендігі жұрттың ақылы да, тілеуі де, харекеті де – осы.

ЖИ:
ӨНІМДІЛІК пен
қауіпсіздік
арасындағы тепе-теңдік

АҚЫЛДЫ ЖҮЙЕНІҢ ІШКІ ӘЛЕМІ

Қазіргі заманғы жасанды интеллект жүйелері тек бағдарламалар емес, олар адамның жазғанын немесе айтқанын түсініп, соған ұқсас жауап құра алатын қуатты «ақылды» модельдер. ЖИ сөздердің немесе суреттердің келесі бөлігін болжау арқылы жұмыс істейді. Мысалы, бір сөйлем жазсаңыз, сол сөйлемнің қисынына сай келесі сөзді өзі жалғастыра алады. Немесе бір суретті сипаттасаңыз, соған ұқсас бейнені жасап береді. Бұл жүйелер миллиондаған мәтін мен суреттен үйреніп барып, өз білім қорын қалыптастырады.

Осындай жүйелердің негізгі түрі – үлкен тілдік модельдер. Олар алдымен интернеттегі көп мәтінді оқып үйренеді, сосын адам берген тапсырмаларға нақты жауап беруді үйренеді. Бұл – екі сатылы жаттығу процесі. «Stanford HAI» 2025 жылғы «AI Index» зерттеуіне сүйенсек, үлкен тілдік модельдер соңғы жылдары айтарлықтай ілгерілегенімен, күрделі логикалық ойлау мен фактілік дәлдік мәселелері әлі толық шешілген жоқ.

ЖИ-дың қаншалықты танымал бола бастағанын интернет статистикасынан-ақ байқауға болады. «Axios» пен «Similarweb» жүргізген талдауларға сүйенсек, 2025 жылдың тамызында «ChatGPT» ай сайын шамамен алты миллиард рет қолданылып, AI-чатботтар арасында айқын көшбасшыға айналған. Бұл өте үлкен көрсеткіш. Демек, адамдар енді ақпаратты іздеу, кеңес сұрау, мәтін жаздыру секілді істер үшін чатботтарды белсенді пайдалана бастады деген сөз. Дегенмен, «Google» сияқты дәстүрлі іздеу жүйелері де әлі басты орында.

«OpenAI»-дың пайдалану деректеріне сүйенсек, «ChatGPT»-ге келетін сұраныстардың негізгі бөлігі жазу, мәтін түзету және аударма сияқты тапсырмаларға бағытталған. Мысалы, жазу, аудару, түзету сияқты тапсырмаларда ЖИ көп көмектеседі. Сондықтан ол контент жасау, клиенттермен сөйлесу, құжаттарды реттеу сияқты салаларда өнімділікті айтарлықтай арттырады. Сондықтан ЖИ-дың қазіргі әсері негізінен офис жұмыстарына, құжатпен жұмыс істеуге, нұсқаулық жасауға және идея ұсынуға байланысты болып отыр.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ КЕЛЕСІ
КЕЗЕҢІ: САРАПШЫЛАР БОЛЖАМЫ

«OpenAI» компаниясының басшысы Сэм Альтман 2025 жылдың басында жасаған мәлімдемесінде жасанды интеллекттің келесі үлкен қадамы болатыны туралы айтты. Оның айтуынша, биылғы жылдың өзінде-ақ алғаш рет «AI-агенттер», яғни адамға көмекші ретінде нақты тапсырмаларды атқаратын ақылды жүйелер жұмысқа кірісуі мүмкін. Бұл чатбот сияқты жай сөйлесіп қана қоймайтын, нақты істерді атқаратын құралдар болады. Мысалы, құжаттарды қарап шығу, кесте құру, хаттарға жауап беру, есеп жасау сияқты жұмыстарды өздігінен реттеп отыра алады. Альтман мұндай агенттер компаниялардың жұмыс өнімділігіне нақты әсер етіп, көптеген процесті жеңілдетеді деп есептейді. OpenAI компаниясының басшысы маңызды мәселеге де тоқталды.

– Болашақтағы ЖИ жүйелері өте көп электр энергиясын қажет етеді. Сондықтан энергия саласында да үлкен өзгерістер керек. Мысалы, арзан әрі қуатты жанариялатын немесе ядролық энергия көздерін дамыту, – деді ол.

Сондай-ақ Сэм Альтман алдағы онжылдық туралы батыл болжам жасады. Оның айтуынша, 2030 жылға қарай жасанды интеллект адамнан да ақылды болуы мүмкін. Алайда бұл пікірге бәрі бірдей қосыла бермейді. Көптеген ғалымдар бұндай деңгейге ЖИ тек 2040–2060 жылдар аралығында ғана жетуі мүмкін деп есептейді. Яғни сарапшылардың болжауынша, ЖИ алдағы жылдары тек көмекші құрал емес, компания ішіндегі маңызды «әріптеске»

Басы 1-бетте

айналуы мүмкін. Бірақ бұл жолда технологияны дамыту ғана емес, оны қауіпсіз, тиімді әрі энергияны үнемдей отырып енгізу де үлкен міндет.

НӘТИЖЕ БАР МА?

Қаржы саласында да ЖИ-дың нақты көмегі бар. Mastercard компаниясының ресми ақпаратына сүйенсек, ЖИ арқылы алаяқтықты анықтау екі есеге жылдамдаған, ал жалған күдікпен бұғатталған карталар саны азайған. Сонымен қатар күмәнді саудагерлерді табу да үш есе тезірек жүре бастаған. Бұл миллиардтаған қаржылық операция арасында адамдар мен банктерді қорғауға мүмкіндік береді. Бірақ мұндай жүйелердің кемшілігі де бар. Кей кезде ЖИ дұрыс емес шешім шығарып, жазықсыз адамдарды да күдікті деп көрсетуі мүмкін. Сондықтан банктер бұл технологияны сақтықпен қолдануда.

«AI Index» және өзге халықаралық шолуларға сүйенсек, ауыл шаруашылығында ЖИ өнімділік пен ресурсты тиімді жоспарлау, зиянкестерді қартаға түсіру сияқты міндеттерде қолданылып жатыр. Мұның бәрі фермерлерге шығынды азайтып, нәтижені арттыруға көмектеседі. Әлемдік ұйым деректеріне сүйенсек, мұндай технологиялар егістікпен жұмыс істеу тәсілін біртіндеп өзгертуде.

«Stanford» университеті мен «OpenAI» зерттеулеріне қарағанда, білім саласында ЖИ мұғалімдердің уақытын үнемдеуге көмектесіп, оқушылар үшін жеке көмекші рөлін атқарып келеді. Көптеген мектептерде мұғалімдер сабақты жоспарлау, тапсырмаларды бағалау, оқушыға кері байланыс беру сияқты жұмыстарды ЖИ арқылы автоматтандырып, босап қалған уақытын оқушылармен тікелей жұмысқа арнауда. Ал оқушылар ChatGPT секілді жүйелерді «жеке көмекші» сияқты пайдаланып, тапсырманы түсінуге, эссе жазуға, тіл үйренуге қолдануда.

АҚШ-тағы «UC Davis Health» медициналық ұйымдардың мәліметтері бойынша, инсульт жағдайында жасанды интеллект пациентті уақытылы жеткізуге көмектесіп, қалпына келу мүмкіндігін арттырған. Кейбір ауруханаларда ЖИ-дың арқасында адамдардың инсульттен кейінгі қалпына келу мүмкіндігі жоғарылаған. Бұл ЖИ-дың медицинада нақты нәтиже беріп жатқанын, бірақ оны міндетті түрде дәрігер бақылауымен қолдану керек екенін дәлелдейді.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ
ТӘУЕКЕЛДЕРІ: ҚАТЕ ЖАУАП,
ЗАҢ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ

Жасанды интеллектті қолдану қанша жерден тиімді болса да, оның қауіптері мен шектеулері туралы ашық айту өте маңызды. Соңғы жылдары мамандар бұл мәселеге ерекше көңіл бөле бастады.

Бірінші мәселе – ЖИ-дың қателесуі. Кейде жүйе жалған немесе ойдан шығарылған ақпаратты сенімді жауап сияқты ұсынады. Мұндай жағдайды мамандар «галлюцинация» деп атайды. «hai.stanford.edu» сайтында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, 2024 жылы әлемде ЖИ-мен байланысты түрлі инциденттер саны күрт өскен. Бұл – сапаны бақылау мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәдениетін күшейту қажет екенін көрсетеді. Әсіресе медицина, құқық, қаржы сияқты жауапты салаларда адам маманның қатысуынсыз ЖИ-ға толық сенуге болмайды. Сарапшылардың зерттеулеріне сүйенсек, тәуекелі жоғары тапсырмаларда ЖИ тек көмекші ретінде пайдаланылып, соңғы шешімді адам қабылдауы тиіс.

Тағы бір мәселе – энергия тұтыну. ЖИ-дың қуатты үлгілері өте көп электр энергиясын қажет етеді. «OpenAI» басшысы Сэм Альтман 2024 жылы Давоста өткен форумда болашақта ЖИ жұмысы үшін жаңа ядролық немесе арзан жанариялатын энергия

көздері қажет болады деп мәлімдеген. Бұл жай ғана техникалық мәселе емес, көптеген елдер үшін стратегиялық шешімдер қабылдауды қажет ететін күрделі сұрақ. Яғни ЖИ бізге үлкен мүмкіндік беріп жатқанымен, оның қателік жіберу, заң бұзу немесе инфрақұрылымға түсетін салмақ сияқты нақты қауіптері де бар. Сондықтан мұндай технологияны енгізу кезінде оны жоспарлы түрде, жауапкершілікпен және адам бақылауымен қолдану аса маңызды.

ЖИ ЖӘНЕ ЕҢБЕК НАРЫҒЫ:
КӘСІБИ DAҒДЫЛАРДЫҢ
ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Жасанды интеллект жұмыстың мазмұнын ғана емес, еңбек нарығының құрылымында өзгертуде. Алғашқы толқын ең әуелі мәтін мен құжат айналымына, тұтынушы қолдауына, маркетинг пен талдамалық есептерге тиді. Бұрын бірнеше сағатқа созылатын дайындық, жинақтау, редакциялау секілді операциялар минуттарға қысқара бастады. Бұл өнімділік өсімін береді, бірақ жұмыстың өзі «нәтижені қолмен жасау» емес, «міндетті дұрыс қою, деректі дұрыс беру және нәтижені тексеру» қабілеттеріне қарай ығысады. Сондықтан кәсіби құзыреттердің салмағы қол-ты немесе мәтінді нөлден жазудан емес, тапсырманы нақтылау, сапаны бағалау және тәуекелді басқарудан көрінеді. Жалпы алғанда, жасанды интеллект күнделікті өмірімізге ғана емес, жұмыс тәсілімізге де әсер ете бастады. Қазір көптеген компанияларда мүлде жаңа мамандықтар мен міндеттер пайда болуда.

Бұрын тек мәтін теріп, тапсырма беріп отыратын қызметкерлер енді ЖИ жүйесін терең түсініп, нақты нәтиже алу үшін оны дұрыс бағыттап үйреніп жатыр. Мысалы, «тапсырма-инженер» немесе «контент-редактор» деп аталатын жаңа мамандар жай ғана сұраныс енгізіп қоймайды. Олар бизнеске не қажет екенін түсініп, оны ЖИ-ға түсінікті

етіп жеткізеді. Сондай-ақ жасанды интеллект ұсынған жауапты тексеріп, қате кетсе, оны сарапшыға жеткізеді. Қауіпсіздік пен заң талаптарына жауапты мамандар болса, ЖИ жүйесінің барлық әрекетін бақылап, заңға сай жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Жұмыста қажетті дағдылар да өзгеруде. Бұрын тек бағдарламамен жұмыс істей алу жеткілікті болса, енді дерекпен сын көзбен жұмыс істеу, қателерді тану және нәтижені дұрыстап тексеру әлдеқайда маңызды. Мысалы, мәтін жазатын ЖИ жүйесін пайдаланатын топ жай ғана көркем тілмен шектелмей, жауаптың дұрыстығын, нақты дерекке сүйеніп, сілтемелердің орынды болуын және оқырманға түсінікті екенін тексереді.

Мұның бәрі қызметкерлерді қайта оқытуға талап етеді. Компаниялар енді тек бір реттік тренингпен шектелмейді. Олар нақты жобалар арқылы, қателерді бірге саралап, ең тиімді тәсілдерді жинақтап, қызметкерлерді жүйелі түрде дамытып отырады. Уақыт өте келе әр қызметкердің жеке даму жоспарына ЖИ-мен дұрыс жұмыс істеу, дерек сапасын түсіну және этикалық тұрғыдан баға беру сияқты дағдылар енгізілуі.

Бұған қоса, ЖИ қоғамдағы теңсіздікке де әсер етуі мүмкін. Кімде ЖИ құрал мен интернетке жақсы қолжетімділік бар, сол топ жылдам бейімделіп, өнімділігін арттыра алады. Ал технологияға қолжетімділігі шектеулі топтар артта қалуы мүмкін. Сол себепті тілдерге бейімделген модельдер жасау, әдістемелік материалдарды аудару және ЖИ-дың дұрыс қолдануға арналған ашық ережелер дайындау өте маңызды. Жұмыс берушілер де ЖИ құралын ұсынғанда оның мүмкіндігімен қатар, шектеулері мен жауапкершілігі туралы да қызметкерлерге нақты түсіндіруі керек.

Жұмыс әлеміндегі бұл өзгеріс көпшіліктің ойындағыдай бірден орындарды қысқартып жатқан жоқ. Керісінше, көп мамандықтарда ЖИ адамның өзін күшейтетін құралға айналды. Мысалы, дәрігердің шешімді тезірек қабылдауына, мұғалімнің оқушыға көбірек көңіл бөлуіне, заңгердің нақты дәлел құруына, журналисттің деректі тексеруіне көмектесіп жатыр.

Осының бәрінен қандай қорытынды шығады? Біріншіден, ЖИ – енді «қызық ойыншы» емес, нақты өнімділік құралы. Денсаулықта – скрининг пен диагностикада, қаржыда – алаяқтықты ерте анықтауда, білімде – мұғалімге көмекші және оқушыға жеке оқытушы рөлінде тиімділігі дәлелденіп келеді.

Алдағы уақытта жасанды интеллект біздің жұмыс ортамыздың күнделікті бөлігіне айналуы мүмкін. Дегенмен, бұл технология бәрін оп-онай шешетін даяын шешім емес. ЖИ негізінде жұмыс істейтін «ақылды көмекшілер» (агенттер) кеңінен қолданыла бастайды деген болжам бар. Олар құжаттарды өңдеу, хаттарды сұрыптау, есеп құрастыру секілді процестерді өздігінен орындай алады. Бірақ мұндай жүйелердің тиімділігі – тек бағдарламадан емес, жақсы дайындалған ішкі инфрақұрылымнан, сапалы деректен және тұрақты энергия көзінен тұрады. Қазір Еуропа елдері мен басқа дамыған нарықтарда ЖИ-ға қатысты қатаң ережелер мен стандарттар қалыптасып келеді. Технологияны еркін жібермей, бастапқы сәттен-ақ қауіпсіздік, бақылау, ашықтық сынды талаптарды ескеріп жобалау болашақтың негізгі қағидасына айналуы. Яғни «бірінші пайда көру емес, бірінші қауіпсіздік» деген ұстаным алға қойылуы. Ал пайдаланушылар үшін ЖИ – күнделікті ақпарат іздеу, кеңес алу, жазу, оқыту секілді істерде сенімді көмекші. Ол өзінде дәстүрлі іздеу жүйелерін толық алмастырмағанымен, ақпаратқа жылдам әрі бейімделген жолмен қол жеткізудің баламасы ретінде орныға бастады. Бұл біз көріп отырған бір технологиялық кезеңнің заңды жалғасы, бастапқы шу мен қызығушылықтың орнын енді нақты пайда мен сапалы қолдану басып келеді. Бірақ кез келген қуатты құрал сияқты, оны қайда, қалай және қандай шектеумен қолданатынымыз ең маңызды сұрақ. Пайдасын алу оңай, ал жауапкершілікпен басқару ұзақ мерзімді табыстың шарты.

София ХАЙРУЛЛА

Меншік иесі:

жауапкершілігі
шектеулі серіктестігіБас директор
Марат АРАЛБАЕВҚызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясыБас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. ҚЗ 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4019 Тапсырыс №1650

Нөмірдің кезекші редакторы Айтқолы АЙТЖАНОВА